

«АККУ» 016а

менгеруш

Г.Т.Ибраимова

Тақырыбы: « Алтын күз,келді бақшама»



Тәрбиеші: Құбанқұлова А

2021ж

Максаты: Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру. Елбасының қарапайымдылығын, адамгершілік қасиетін және бүгінгі дәрежеге еңбек арқылы жеткенін түсіндіру. Балаларды отанды сүйуге, елбасын мақтан тұтуға тәрбиелеу. Отан туралы өлең жырларды патриоттық сезіммен айтуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Елбасы суреті, Ту, Елтаңба, Ақорда суреті.

Сөздік жұмыс: Елбасы, президент, металлург.

Балалардың залға кіруі. Ән- **Атамаекен**

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, біздің бүгінгі ұйымдастырылған оқу- іс әрекетімізге қонақтар келіп отыр. Кәне бәріміз қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Шаттық шеңбер

Үлкенге де сіз
Кішіге де сіз
Барша жанды құрметтеп
Бас иеміз біз

Балалар бүгінгі оқу қызметінде «Президентім – мақтанышым» тақырыбына әңгіме жүргіземіз және Елбасымыз Н.Назарбаев туралы көптеген мәліметтерге ие боламыз.

Ал ендеше бүгінгі ашық оқу – қызметіміз «Ән ұранмен» басталсын.

Әнұран: «Менің Қазақстаным»

Балалар қыс мезгілінің бірінші күні 1-желтоқсан еліміз үшін мереке күні болып есептеледі. Қандай мереке екенінін білесіңдерме?

Балалар: Тұңғыш Президент күні.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Ендеше бүгінгі оқу қызметімізді Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз. Мына суретте кім бейнеленген?

Балалар: Н.Назарбаев.

Тәрбиеші: Дұрыс Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?

Алмира: Елбасымыз жолдайды
Халқы оны қолдайды
Ешқашанда орынсыз
Шешімдері болмайды

1994 жылы 6-шілдеде Қазақстан Жоғары Кеңесінің астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулысы қабылданды. 1998 жылы 6-мамырда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Ақмола қаласы Астана болып өзгертілді.

Аслан- Күн өткен сайын құлпырып
Жайнадың гүлдей Астана
Елорда – менің Астана
Елорда менің – бас қалам

2019 жылы 20-наурызда ҚР Президенті Қасым –Жомарт Тохаевтың шешімімен Астана қаласы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың құрметіне Нұр – Сұлтан деп аталды.

Рузанна - Ер болдық ерік алдық Астаналы
Енді кімнен қазағым жасқанады
Тәуелсіз мемлекттің шежіресі
Нұрсұлтанның атымен басталады

Н.Ә.Назарбаевтың отбасылық жағдайына келетін болсақ жұбайы Сара Алпысқызы және қыздары Дариға, Динара, Алия . Сара Алпысқызы жоғары білімді мамандығы инженер-экономист. Ол «Бөбек»қайырымдылық қорының негізін қалаушы. Бұл қор көмекке зәру панасыз балаларды өз қамқорлығына алып, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғысына білім алып тәрбиеленуіне мән береді. Сара Назарбаеваның бастамасымен елімізде жетім балаларды қорғау туралы Заң қабылданды.Осының нәтижесінде барлық өңірлерде жетім балалар үшін «Үміт» жас өскіндер үйлері ашылуда.Президент зайыбы «Өзін -өзі тану» атты балаларға рухани-адамгершілік білім беру және тәрбие беру идеясының авторы болып табылады.

Н.Ә.Назарбаевтың жұмысы Президент болу, оның жұмыс орны Астанада Ақордада. Мұнда Елбасымыз Отан үшін , халқы үшін түрлі шараларды іске асырды және шаралардың орындалуын қадағалап отырды. Отанын ,халқын сүю, адал қызмет жасауды басты қағида етіп қойды.

Мақал – мәтелдер-

Әділхан- Отан үшін күрес – ерге тиген үлес

Акмал- Отансыз адам ормансыз – бұлбұл

Ақтілек- Отан отбасынан басталады

Расул - Отанын сатқан оңбас

Төреғали – Ел іші алтын бесік

2019 жылы 20 наурыз күні Н.Назарбаев Президент өкілеттігін тоқтатып заң бойынша Мемлекет басшысының өкілеттігі Қазақстан Сенатының төрағасы Қасымжомарт Тоқаевқа жүктеді.

Қ.Тоқаев 1953 жылы 17 мамырда дүниеге келген. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтін бітірген. Тарих ғылымдардың кандидаты, саяси ғылымдар докторы. Қазақ, орыс, ағылшын, қытай, француз тілдерін жақсы меңгерген.

Балалар бүгін сендер елбасымыз Н.Назарбаев туралы көптеген мәліметтермен таныс болдыңдар.

1. Қ.Р. тұңғыш президенті кім?
2. Еліміздің рәміздерін атап беріндер?
3. Біздің еліміз қалай аталады?

Тәрбиеші: Бір басында кемеңгерлік, даналық
Елін сүйген елу үшін жаралып
Сол кісідей болса - болсын әр алып
Адамдықтың аласармас үлгісі.

Ал енді, құрметті қонақтар балаларымыз отан сүйгіш, халқына адал патриоттар екендігін дәлелдеу мақсатында «Жайна Қазақстан!!!» флешмоб биін сіздерге ұсынады.

